

ЖАНУАРЛАРДЫҢ АУЫЗ ҚУЫСЫН, ЖҰТҚЫНШАҒЫН, ӨҢЕШІН ЖӘНЕ ҚҰСТАРДЫҢ ЖЕМСАУЫН ЗЕРТТЕУ.

Орындаған: Қауметова Х.Е

Тексерген: Ахметова М

АЗЫҚ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ СУ ІШУДІ ЗЕРТТЕУ

- Азық қабылдау және су ішу кезінде болатын патологиялық өзгерісті анықтау үшін, әуелі малдың тәбетін, азық пен суды қалай қабылдауын және ішуін, шайнауын, шөлдеуін, күйіс қайыруын, кекіруін және құсуын, лоқсуын зерттеу керек.

ШАЙНАУ ПРОЦЕСІНІҢ БҰЗЫЛУУЫ

- Оның әртүрлі ауыр түрлері болады және көптеген ауруларда кездеседі.

1. Шайнау процесінің бұзылуының жеңіл түрі кезінде мал азықты зауықсыз шайнайды немесе дұрыс шайнамайды және арасында үзіліс жасап шайнайды.

2. Шайнау процесінің бұзылуының ауырсынатын түрі-жанға бататын шайнау, малда жиі кездеседі, ол кезде мал азықты өте қиналып қабылдайды, ара-арасында үзіліс жасайды.

3. Шайнау процесінің бұзылуының қиналып шайнау түрі-флюорозда және ауыз қуысы ағзаларының ауыр зақымдануында байқалады.

- **Тістерін шықырлату**-сиырда жарақатты ретикулитте, жылқыда - ішектердің түйілуінде, шошқада - оба мен тілмеде, қойда - ценуроз ауруында байқалады.
- **Жұту** - күрделі рефлекторлы акт.

КҮЙІС ҚАЙЫРУ ПРОЦЕСІНІҢ БҰЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ:

Күйіс қайыру - мал ірі азықты жылдам қабылдап, мес қарынға түсіргеннен кейін олардың жібіп, жұмсаруынан соң, кері ұсақтап жақсылап шайнайтын биологиялық процес.

1. Баяу күйіс қайыру
2. Сирек күйіс қайыру
3. Қысқа күйіс қайыру
4. Әлсіз күйіс қайыру
5. Ауырсына күйіс қайыру

КЕКІРУДІҢ БҰЗЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- **Кекіру** - мұндай физиологиялық акт тек қана күйіс қайыратын малға тән, бұл мес қарынға жиналған газдарды ауыз арқылы сыртқа шығару құбылысы.
 1. Сирек және әлсіз кекіру - малдың ұлтабарлы қарындарының жиырылу қызметінің нашарлауынан болған ауруларда және өңештің тарылуынан пайда болады.
 2. Қатты және жиі кекіру - кезеңінің бұзылуы бұл мес қарында газдардың көптеп пайда болуын көрсетеді.

Құсу - бұл құбылыс барлық малда патологиялық белгіге жатады.

АУЫЗ ҚУЫСЫН ЗЕРТТЕУ

- Малдың ауызын және ауыз қуысында орналасқан ағзаларын зерттеу, қарау және сипау арқылы жүргізіледі. Ауыз қуысын қарау кезінде малдың басын жарық жаққа қаратып қояды. Кейбір уақыттарда мұқият зерттеу үшін арнайы аспаптар мен жасанды жарықтарды, маңдайлық шамды, әртүрлі рефлекторларды, жарық беретін ШОГ-1 шпателді шамды, сонымен қатар ауыз қуысы ағзаларын зерттеу үшін арнайы ауыз кергіштерді пайдаланады.

ЖҰТҚЫНШАҚТЫ ЗЕРТТЕУ

- Жұтқыншақтың ішкі және сыртқы жағын қарау және сипау әдістері арқылы зерттеледі. Жұтқыншақтың сыртқы жағын қарау ешқандай құралдың көмегінсіз орындалады. Ол кезде көңіл бөлетініміз, малдың басы мен мойнының орналасуы, жұтқыншақтың орналасқан тұсы.

СІЛЕКЕЙ БЕЗДЕРІН АНЫҚТАУ

- Сілекей бездерді зерттеу қарау және сипау әдістерімен жүргізіледі. Зерттеу кезінде бездердің көлеміне, консистенциясына, пішініне, ауырсынуына және жергілікті қызуына көңіл аударады.
- Сілекей бездері зақымданған мал мойнын алға созып тұрады, сонын салдарынан жұту процесі өзгереді.

ӨҢЕШТІ ЗЕРТТЕУ

- Өңешті зерттеу үшін тек қана жалпы клиникалық әдістерді пайдаланып қоймай, арнайы аспаптар арқылы жүргізіледі: зондпен тексеру, рентген сәулесі арқылы қарау және түсіру.

ӨҢЕШТІ ЖАЛПЫ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ

- Қарауға және сипауға өңештің мойын тұсы ғана ыңғайлы, ал кеуде жағын тек қана зонд енгізу арқылы және рентген сәулесі көмегімен зерттейді.
- Өңешті қарау үшін күндізгі жарық немесе жасанды жарықтар пайдаланылады.

ӨҢЕШКЕ ЗОНД ЕНГІЗУ

- Өңешке зонд енгізу ауыз қуысы арқылы немесе төменгі танау қуысын пайдалану арқылы іске асады, бірақ ол малдың түріне байланысты. Сиырда зондты енгізу үшін танау немесе ауыз - қарын зондтары пайдаланылады.

ҚҰСТАРДЫҢ ЖЕМСАУЫН ЗЕРТТЕУ

- Құстардың жемсауын зерттеу үшін төмендегідей клиникалық зерттеу әдістері пайдаланылады: қарау, сипау, перкуссиялау және зонд енгізу. Қарау арқылы жемсаудың пішінін, сипау арқылы оның азыққа толуын, жынның консистенциясын, бөгде заттардың барлығын, сезімталдығын, перкуссиялау арқылы оның дыбысын анықтайды, егерде жемсауда газ болатын болса тимпаниялық дыбысты, ал тығызданып тұратын болса, онда бәсең дыбысты естиміз.

ІШТІ ЗЕРТТЕУ

- Ішті зерттеу кезінде тек қана жалпы зерттеу: қарау, сипау, тыңдау, перкуссиялау, кейбір жағдайларда ішті тесу және рентген сәулесі арқылы зерттеуге жүгінеді.

КҮЙІС ҚАЙЫРАТЫН МАЛДЫҢ ҰЛТАБАРЫН, ҚАРЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ

- Күйіс қайыратын малдың ұлтабаралды қарындары төрт бөлімнен құралған, алдыңғы үш бөлімнен - олар мес қарын, жұмыршақ, қатпаршақ және малдың негізгі қарны - ұлтабардан тұрады.

МЕС ҚАРЫНДЫ ЗЕРТТЕУ

- Мес қарынды клиникалық зерттеу әдістеріне жататындар: қарау, сипау, перкуссиялау, тыңдау, сонымен қатар арнайы аспаптар, құрал - жабдықтарды, руминографты, т.б. пайдаланылады

⦿ Назарларыңызға рахмет